

№ 19 колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша І барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру

№ 1 ХАТТАМАСЫ

15.05.2023 жыл

№ 19 колледж МКҚКМ

Қатысқандар: № 19 колледж сала басшылары, қаржы-шаруашылық бөлімі, пед. құрам - 42 адам

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес № 19 колледж қызметкерлеріне 2022-2023 оқу жылының І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіру туралы.

Күн тәртібіндегі мәселеге байланысты № 19 колледж директоры А.Ильясов жоғарыдағы нұсқаулықтарды негізге ала отырып Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау, комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережелері, құндылықтары мен принциптерін бір түсіндіріп өтті.

№ 19 колледж директорының тәрбие жөніндегі орынбасары квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші А.Донбаев -ол өз кезегінде 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы, 2014 жылғы 3 шілдедегі ҚР Қылмыстық Кодексі, 2014 жылғы 5 шілдедегі ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексін түсіндіріп, колледж қызметкерлері тарапынан нормативтік құқықтық актілер ережелерін сақтамай жүрген деректер тіркелмегенін бұл жөнінде қызметкерлерге толық түсіндірілгеніне тоқталды.

№ 19 колледж кадр бөлімінің меңгерушісі комплаенс-офицері міндетін атқарушы Н.Жуматаев- ҚР –ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының принциптері жайлы айтты. Колледж директоры: А.Ильясов 04.05.2023 жылы № 42 н/қ Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуге А.Донбаевты және комплаенс-офицері міндетін атқаруға Н.Жуматаевтың бұйрық бойынша бекітілгенін айтты. Алдағы уақытта жоғарыдағы көрсетілген құқықтық нормалардың сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді зерделей келе колледж директоры;

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – қызметтер туралы үлгілік ережелерін сақтауға;
2. 04.05.2023 жылы № 42 н/қ Комплаенс-қызметіне квазимемлекеттік ұйымына төрағалық етуші А.Донбаевты және комплаенс-офицері міндетін атқарушы Н.Жуматаевтың осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша І тоқсан барысындағы нормативтік актілерді түсіндіруі есепке алынсын.

Жиналыс төрағасы:

А.Ильясов

Хатшысы:

Н.Жуматаев